

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған **Белегова Алия Аканбаевнаның** «*Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивтік мәдениетін қалыптастыру*» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің

## ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Қазақстандық заманауи білім беру тұжырымдамасының басым мақсаты өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға дайын тұлғаны қалыптастыру болды. Осыған байланысты жоғары педагогикалық білім берудің міндеттерінің бірі – болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінде мотивтің қайнар көзі және өзін-өзі үйрену қабілеті, танымдық қызығушылықтары және оқушыларды шығармашылық оқытуға дайындығы ретінде өз қызметін рефлексивті бақылау қабілетін қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі таңда дене шынықтыру пәнінің мұғалімі де, оқушы да өз қызметін көрсете білуі керек. Сондықтан, Белегова Алия Аканбайқызының педагогика мен психологияның тоғысындағы «рефлексивті мәдениет» феноменін зерттеу векторы өзекті және қажет деп санаймын, өйткені рефлексия үрдісі өз ойлары мен іс-әрекеттерін түсінуден, екіншісінің ойлары мен іс-әрекеттерін түсінуден тұрады.

**2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.** Автор зерттеу алдына қойған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру барысында ғылыми жетістіктер деп тануға болатын бірнеше нәтиже алуға қол жеткізген.

**2.1** Зерттеу жұмысында кәсіби даярлау үдерісінде болашақ дене шынықтыру оқытушыларының рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін құрайтын ғылыми еңбектер мен тұжырымдамаларға жан-жақты талдау жасау нәтижесінде «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті» ұғымының мәнін анықтап, авторлық сипаттама беруін **бірінші нәтижеге** жатқызамыз.

**2.2** Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың жүйелілік, тұлғалық-әрекеттік, құзыреттілік *тұғырларына; ұстанымдарына*, бір-бірімен өзара байланыстағы мотивациялық-құндылық, мазмұндық-әрекеттік, бағалаушылық-нәтижелік компоненттер жүйесінен тұратын, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері нақтыланған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы **екінші нәтиже ретінде** қабылданады.

**2.3** Зерттеудің **үшінші нәтижесіне** болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты элективті пәнінің мазмұнын жасап, жаңашылдық әдістемесін ұсынуы жатқызылады.

**2.4** Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын: рефлексивті мәдениетті диагностикалау әдіс-тәсілдері, «Спорт педагогының рефлексивті мәдениетін қалыптастыру» сияқты практикалық құралының әзірленуі зерттеудің **төртінші нәтижесі** деп есептелінеді.

**3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық дәрежесі.**

**3.1 Бірінші нәтижеге** – қол жеткізу үшін диссертант зерттеу мәселесіне қатысты отандық, шет елдік психологиялық және педагогикалық еңбектерді зерделеген. Диссертациялық жұмыста басшылыққа алынып отырған әдіснамалық тұғырларды дұрыс таңдай білген. Солардың нәтижесінде зерттеу мәселесінің тірек ұғымы болып табылатын «болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениеті» түсінігінің осы жұмыс аясында алғаш рет өзіндік нақтыланған анықтамасы беріліп отырғандықтан **жаңа** болып табылады.

**3.2** Бұған дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың мотивациялық-құндылық, мазмұндық-әрекеттік, бағалаушылық-нәтижелік компоненттерден, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері нақтыланған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы **екінші нәтиженің жаңалығын** көрсетеді.

**3.3** Үшінші нәтижеде болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыруға бағытталған «Спорт педагогының рефлексивтік мәдениеті» атты элективті курстың бағдарламасы мен мазмұны жаңартылып, тәжірибеде оң нәтиже беруі, үшінші нәтиженің **жаңашылдық** белгісі бар екендігін дәлелдейді.

**3.4** Диссертант зерттеу барысында болашақ дене шынықтыру мұғалімінің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың тиімділігін арттыратын жоғары оқу орындары оқытушылары сондай ақ практик мамандардың тәжірибеде қолдануларына болатын практикалық құралы жасалып, педагогикалық жұртшылыққа алғаш ұсынылуын **төртінші нәтиженің жаңалығы** деп санаймыз.

#### **4 Алынған нәтижелердің теориялық және практикалық маңыздылығы**

Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, әдістемелік ұсынылымдар педагогтар мен психологтар, әдіскерлер, тәрбиешілердің практикалық әрекеттерінде, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының мұғалімдеріне рефлексивті мәдениеттің мәнін түсініп, басшылыққа алуда көмегін тигізеді деп есептейміз.

**5. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктілігіне растама.**

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін тәжірибеде сынақтан өткізу және ендіру Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының мәжілістерінде, ғылыми семинарларда баяндалған.

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары 14, оның ішінде: Scopus ғылымметрикалық базасына кіретін басылымдар – 2; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті бекіткен басылымдардағы жарияланымдары – 6; Жақын шет елдердің ғылыми басылымдары – 2; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланған ғылыми еңбектер Қазақстан Республикасында – 4.

#### **6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Жұмыстың жоғарыда аталып өткен оң нәтижелерімен қоса, оның мазмұны мен рәсімделуіне байланысты төмендегідей ескертпелеріміз бар:

1. Жұмыс маман даярлау мәселесіне арналғандықтан, болашақ дене шынықтыру мұғалімдернің рефлексивті мәдениетін қалыптастырудың зерттелуіне арналған тарауда қазіргі орта мектептің жаңартылған бағдарламасына зерттеу мәселесі тұрғысынан тереңірек талдау жасау орынды болар еді.

2. Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне қатысты шет елдік тәжірибеге талдаулар жасау жағы жеткіліксіз.

3. Диссертацияның үшінші бөлімі қалыптастырушы экспериментте рефлексивті мәдениетті қалыптастырудағы инновациялық әдістемелерді жалпылама емес, спорттың әр түріне қатысты ұсынылса жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді.

#### **7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарымен сәйкестігі.**

Дегенмен, аталған кемшіліктер жұмыстың жалпы құндылығын төмендетпейді. Белегова Алия Аканбаевнаның *«Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің рефлексивті мәдениетін қалыптастыру»* тақырыбындағы диссертациялық жұмысы, аяқталған, дербес орындалған, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес келетін жұмыс деп есептеймін. Сондықтан, оның авторына 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

**Пікір беруші:**

**Еуразия технологиялық университеті**

**п.ғ.д., профессор**



**Масырова Р.Р.**